



ЖАҢА ФОРМАТ- ТҰЛҒА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ДАМУЫТУ НЕГІЗІ

*Атик Бибигуль Васильевна, физика пәнінің
мұғалімі, Ақсу қаласы, дарынды балаларға
арналған мамандандырылған гимназия.*



Бағдарламаның 4 қағидаты:


- Балалар қалай оқиды?
- Нені оқыту керек?
- Оқытудың реттілігін қалай құрылымдау керек?
- Табыстылық деңгейіңізді қалай бағалауға болады?

Блум таксономиясы



- **білу** кезеңінде пайдаланылатын етістіктер: білімді еске түсіру, анықтау, мақұлдау, қайталау, атау, әңгімелеу, ұсыну, табу болса
- **түсінуде** қайта қарастыру, сәйкестендіру, талқылау, тарту, мойындау, қайта қарау, түсіндіру, әңгімелеу, айқындау мақсаттары қойылады.
- **Қолдану** кезеңінде көрсету, тағайындау, орындау, суреттеу, қолдану, пайдалану, айналысу болса,
- **талдауда** ажырату, саралау, үміт арту, даулау, жатқызу, салыстыру, тәжірибеден өткізу, қарама-қарсы қою, зерделеуді ұйымдастыруды, ал
- **жинақтау** тұжырымдау, оқыту, әзірлеу, дамыту, қайта анықтау, ұсыну, жасауды,
- **бағалауда** жорамалдау, бағалау, таңдау, баға қою, анықтау, санау, өлшеу, айыптау

Білу




Оқытуда АКТ модулін (бейнеклип) тақырыпқа шығуда ұтымды пайдаланып оқушылардың тақырыпқа қызығушылығы артып, мазмұның игеруге ерекше талпынысын тудырып отырды. Бұл жерде көрсетілетін материал оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып, олардың ойлау қабілетінің өсуіне ықпал етті.

Turning Differences into Strengths


Jigsaw

Discovery Tool



Түсіну кезеңінде физика пәні эксперименталды пән екенін ескеріп, топтық диалогты тәжірибе жасаумен ұштастырдым. Оқушылар оқулықты басшылыққа алып, тәжірибені бірігіп жасады, тақырыптың ойын шығара алды. Осы іскерлігі, сол түйіндерінің дұрыс болуы топ флипчартын таныстыру кезінде көрініс тапты. Топтық диалогта оқушылардың басқару және көшбасшылық қабілеттерінің топ жұмысын ұйымдастыру мен бағалау кезінде көрініс тапты.

Қолдану



Алған білімді қолданып әр топ есептер шығарып, есеп шығару дағдылары қалыптасты, жұпта талқылау арқылы есептерін дұрыстығына көз жеткізді, дұрыс болмаған жағдайда жедел көмек беруге немесе алуға үйренді.

Талдау

Талдау бөліміндегі тапсырмалар арқылы оқытуда сыни тұрғыда ойлауға үйретудің модулі оқушылардың ойлауына әсер етті. Оны пайдаланылған тапсырмалар орындағанда айтылған ойлары мен тың идеяларынан байқауға болады. Сыни тұрғыдан бағалай білуге үйрету де өте маңызды қадам болды.



Жинақтау

Сабақта алған білімдерін жинақтайды, білімдерінің дұрыстығына көз жеткізеді, түрлі “сұрағы бар қорап”, “Миллион кімге бұйырады”, “лото” іскер ойындарда білімдерін көрсетеді мәселен



Бағалау

Талантты және дарынды оқушылармен жұмыс модулімен сабақтаса оқушыларда белгілі бір тұжырымға өз пікірін еркін жеткізіп, оны дәлелдей білу іскерлігін қалыптасып, шығармашылыққа бет бұрғаны байқалды. Оны бағалау кезеңінде қолданылған шығармашылық тапсырмаларды орындауда әңгіме-дебат, пікірталас, ой-толғау арқылы ұйымдастырдым

